

Сыни рефлексия жасай білу


Д-р Саймон Браунхил

Кембридж университеті

Педагогикалық шеберлік орталығы

Екінші «Бетпе-бет» кезеңінің екінші аптасы

04/03/13



Сабақтың мақсаты

- Тақырыптың теориялық және тәжірибелік жақтарын қарастыру кезінде сыни рефлексия дегеніміз не екенін түсіну;
- Теориялық және тәжірибелік тұрғыдан сыни рефлексивті болудың тәжірибелік тәсілдерін бағалау;
- Екінші «Бетпе-бет» кезеңінің 2-аптасына шолу жасау.



Бағдарламаның мақсаты мен күтілетін нәтижелері

1. Қазақстандық мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуына қолдау көрсету (А)
2. Өзін өзі жетілдіру үдерісінде мұғалімнің өз тәжірибесі туралы сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту (О)



Дауыс бер!

1. Рефлексивті болу – оқыту мен оқу тәжірибесін жақсарту тәсілдерінің бірі.
2. Әр адам рефлексия жасай алады.
3. Мұғалімдер рефлексия жасау оңай деп ойлайды.
4. Мұғалімнің рефлексивтілігін дамытудың көптеген тәсілдері



«Бүгінгі таңдағы» рефлексивтік ҚЫЗМЕТ


- Мектеп тәжірибесінің негізінде жасалған пікірлер.
- Мектеп қызметіне шолу жасау.
- Іс-әрекеттегі зерттеу бойынша плакаттар мен есептер.
- Зерттеу жүргізу және рефлексивтік есеп жазу.
- Өзін өзі және өзара бағалау.



Мұғалімнің таныстырылымы мен портфолиосының критерийлері

1. Қажетті білім алып, Бағдарламаның түйінді идеялары бойынша түсінік қалыптастыру;
2. осы идеяларды өз тәжірибесінде табысты қолдану;
3. жаңа тәжірибелерді/тәсілдерді енгізу туралы рефлексия жасап, одан әрі дамыту үшін тәжірибеде пайдалану.

Рефлексия құралдары




| Рефлексивтік циклдер | Рефлексивтік бастама |
|--|---|
|  <p>Гринэуэй (2002)</p> | <ul style="list-style-type: none">• <i>Бұрын ... деп ойлайтынмын, қазір ... деп ойлаймын</i>• <i>Мен ... екенін байқап, енді мені ... қызықтырады.</i> |
| Рефлексивтік ресурстар | Рефлексивтік сілтемелер |
| <ul style="list-style-type: none">• Күнделік• Журнал• Сауалнамалар | <ul style="list-style-type: none">• <i>Не дұрыс болмады? Неліктен?</i>• <i>Не онша жақсы шықпады? Неліктен?</i> |

1. Түйсіну – әрекет үшін

2. Түйсіну - әрекет

3. Түйсіну – әрекет үстінде

Рефлексия жасау тәсілдері

| Тип | Қашан | Кім |
|--|--|---------------|
|  | Оқиға қалай орын алды? | Шоен (1991) |
|  | Оқиғадан кейін | Шоен (1991) |
|  | Алдағы жұмысыңызда істеуге болатын әрекеттер | Еруарт (1995) |



Сұрақ қоятын кез келді!

- «рефлексия» және «сыни рефлексия» - екеуі бір нәрсе ме?

Жаныңыздағы адаммен өз пікіріңізбен бөлісіңіз.



Сыни рефлексия: түйінді идеялар

- Барлық ойлар сыни рефлексия бола бермейді.
- Бұл термин әртүрлі жағдайларда әртүрлі адамдар үшін әртүрлі мағынаны білдіреді.
- Сыни рефлексиядағы «сынилылық» дегенді «жағымсыз тұстарды бағалау» деп қабылдау дұрыс емес; Лавло басқалар (2004: 189) бұл терминді пайдалану «өрескел» деп санайд...



«Сыни рефлексия» дегеніміз не?

- Сын тұрғысынан ойлау бізден өз тәжірибеміз бен идеяларымыз туралы ойлануды, содан кейін артқа бір қадам жасап, жетекші сұрақтарды қоя отырып, өз ойымызды қарастыруды талап етеді.
- Ол бізді өзіміздің **өткенімізге** бойлап, **бүгінгімізді** зерделеп қана қоймай, ең бастысы – **болашағымыз** туралы ойланып, **әрекет етуге** мәжбүрлейді.

Сыни рефлексия: элементтері



Тереңдігі



Ені

Брукфилдтің төрт линзасы (1995)




1. Автобиография
лық
2. Оқушылардың
көзімен
3. Әріптестерімізді
ң тәжірибесі
4. Теориялық
әдебиет

Сынилылықты көрсету

- Өзіңізден неліктен бұлай болды немесе неліктен ойлағандай болмады деп сұраңыз.
- Өзіңізден не жақсы өтті деп сұраңыз - неліктен? Не нашар өтті - неліктен? Не жақсы да, жаман да болмады, бірақ қызықты және орынды болды - неліктен?
- Балама жолдар туралы ойланыңыз – ненің өтіп кетуі мүмкін және осыны қазір істеу үшін қандай тәсілдерді қолдануға болады?
- Осыған басқалардың көзімен қарап көріңіз (мысалы, балалар көзімен қараса қалай болар еді?)

Оқытудың тәжірибелік стратегиялары

- Сыныптағы және онлайн-пікірталастар
- Рөлдік ойындар мен топтық жұмыстар
- Жеке журнал жүргізу
- 1-2-1 әңгімелер
- Мүмкіндіктер: ойлан - жұптас - бөліс
- Рефлексивтік жазбаша жаттығулар
- Тұжырымдамалық карталар жасау
- Мақалалар/ кейс-стади / сценарийлер



Сыни рефлексия артықшылықтары

- Ол білім алып, оны тереңдетуге және растауға көмектеседі;
- Оқытуды жетілдіруге ықпал етеді;
- Барлық балалардың оқудағы нәтижелерін жақсартады

